



Ноутбукке арналған FinePower FPT-65 әмбебап адаптері

Құрметті сатып алушы!

«FinePower» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және аспапты әрі қарай пайдаланған кезде оны анықтамалық материал ретінде қолданыңыз.

Әмбебап адаптер ноутбуктерді қуат көзіне қосуға арналған.

Сақтық шаралары

1. Бұл құрылғыны тек мақсатына сай пайдаланыңыз.
2. Бұл құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
3. Жұмыс кезінде құрылғы құрғақ бетте орналасуы тиіс.
4. Адаптерді жаппаңыз және оның үстіне ешқандай заттарды қоймаңыз.
5. Бұл құрылғыны қуатты жылу көздерінен және ішінде сұйықтық бар ыдыстардан алыста орналастырыңыз.
6. Бұл құрылғыны балалардың қолы жетпейтін және құрғақ жерде сақтаңыз.
7. Көзге көрінетін зақымдар болса, құрылғыны пайдаланбаңыз және ресми қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Қауіпсіз пайдалану ережелері мен шарттары

1. Ноутбуктің немесе түпнұсқалық адаптердің төлқұжаттық тақтасында көрсетілген кіріс қуатының осы адаптердің шығыс қуатына сәйкестігін тексеріңіз.
2. Тиісті формаға және кернеуге ие құрылғы коннекторын ноутбукке жалғаңыз.
3. Құрылғыны қуат көзі желісіне қосыңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау, сату және утилизациялау ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты түрде бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °C және 40 °C аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде қаптамада сақталуы керек. Бөлмелерде коррозияға әкелетін агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы керек.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы керек.
- Құрылғыны ұқыпты пайдалану қажет, оны шаңның, ластанудың, соққының, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Ұлттық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және утилизациялау үшін оны электр және электрондық жабдықтарды қабылдайтын тиісті орынға утилизациялау үшін тапсыру керек. Бұл өнімді дұрыс утилизациялау арқылы табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс пайдаланбаған жағдайда болуы мүмкін қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына зиянды болдырмайсыз. Бұл өнімді қабылдау және утилизациялау орындары туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақау пайда болса, дереу ресми қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны утилизациялаңыз.

Техникалық сипаттамасы

- Үлгісі: FPT-65.
- Адаптер түрі: әмбебап.
- Үйлесімді құрылғылар түрі: ноутбук және басқа мобильді құрылғылар (USB арқылы).
- Ноутбуктерді қуат көзіне қосу үшін алынбалы жалғастырғыш тетіктердің саны: 12.
- Кіріс кернеуі: 220–240 В.
- Кіріс жиілігі: 50–60 Гц.
- Шығыс кернеуі: 18,5–20 В.
- Шығыс қуаты: 65 Вт.
- USB-портының шығыс кернеуі мен тогы: 5 В, 2 А.

Кепілдік бойынша қызмет көрсету шарттары

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алу сәтінен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік бойынша қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 6 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының соңғы тізімі мына мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Гуандун Тяньтун Цзюхэн Тэкнолоджи Ко., Лтд.

Чанлунган өнеркәсіптік аймағы, Шатинь, Хуэйян ауд-ы, Хуэйчжоу қ. (2 ғим.), Қытай
Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы,
Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кедендік одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- «Төменвольттық жабдықтың қауіпсіздігі туралы» 004/2011 КО ТР;
- «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» 020/2011 КО ТР.

Тауар «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» 037/2016 ЕАЭО ТР Еуразиялық экономикалық одақ техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Ерекшеліктері, өнім туралы ақпарат, оның жиынтықтамасы мен функционалы пайдаланушыны алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

v.4